



Тенізбен тағдырлас аралдық күйші-композитор, жыршы-акын Мұрат Сыдықұлы «Асығып жана өмірге толқын бесік, Толқынмен берекелі бак ілесіп. Сүйінші, Теніз-анам келе жатыр, Жып-жылы сағынышты самал есіп» деп толғанды. Кайтқан теніздің оралуын тек тірі адам ғана тілемейді. Қазір маған жағалауда кантарылып қалған кемелер мен қрандар дәуірінде дүрлеген порттағы қызу тірлікті сағынатындай көрінеді. Бүгінде ол жәдігерлер тот басып, тозы-тозы шықты...

Рас, адамзаттын қолымен жасаған табиғатқа қастандығы тарих беттерінде «тыртық» болып- тұр. Оны қалыпқа келтіру тек қазақтың маңдайына жазылмаған. Табиғат-ананың алдында тұтас әлем кінәлі.

Тәуеліздік таны атып, етек-жөнімізді жинаған сәтте мемлекет басшысы дереу Арал мәселесін қайта қотерді. Кордаланған шаруаларды қозғап, кешеге дейін жүрдім-бардым қараған әлемдік ұйымдар мойын бұра бастады. Елбасы экологиялық апат аймағында тұратын тұрғындарға жәр-демнің керектігін, теңіз ұл-танынан ұшқан тұздың тұздегі кісіге де кесірін тигізетіндігін айтты. Жергілікті жұртты былай- қойғанда, қоршілес Қарақалпақстанда асқазан обырымен ауыратын адам саны 25 пайызға өскен. Ал кемтар болып туган нәрес-телердің тағдырына кім жа-уап-ты? Сарапшылардың со-зінше, 100 мыннан астам адам басқа аймақтарға қосуге мәжбүр болған және 5 мил-лион жан денсаулығынан айырылған.

Балықшылардың базары тарқап, ажары кеткені де ел есін-де. Қокейге кептелген сауал-қоп. Қайсыбірін айтасын...

Өүпірімдеп жүріп ауқымды жобаларды қолға алдық. Тартылған теңіз толықтай толмаса да, қалғанын сақтап қалуға да қауқар қажет. Аралды құтқаруға бағытталған "Сырдария озенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал бөлігін сақтау" жобасы қоптін үмітін үкіледі. Бұл Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен және Дүниежүзілік банктің қолдауымен жүзеге асты. Бүгінде ел арасында «Гасыр жобасы» аталып кеткен шараның екінші кезені басталмақ. Қайбір жылы ел президенті «INTERNATIONAL HERALD TRIBUNE» газетіне берген сұхбатында «Эколог-иялық мәселелерді шешу үшін Қазақстанға халықаралық қауымдастықтың қолмегі қажет» деп мәлімдеді. Демек, айдыңды Аралдың әлденуіне әлі де әрекет керек.

Апта басында Астанада Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасы аясында «Арал дос-тары» тақырыбында Халықаралық симпозиум өтті. Оған БҰҰ мен жергілікті атқарушы билік өкілдері, халықаралық қауымдастықтар, қаржы институттары қатысты. Сондай-ақ, Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірах-манов, Ұлттық экономика вице-министрі Бауыр-жан Бекешев соз сойледі. Ал облыс әкімі Қырымбек Қошербаев:

– Аралдың солтүстік бөлігін «САРАТС» жобасы арқылы дамытуға мән береміз. Өйткені теңізді толықтай қалпына келтіру мүмкін емес. Осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстардың арқасында кіші Аралда су көлемі мен балық түрлері артты. Өндіріс әлеуметтік экономикалық дамуы бағытында Жол картасы қабылданды. Бұл жоба шенберінде жұмысымызды жандан-дыра беретін боламыз,- деді оз созінде.

Сонымен қатар Швейцарияның Қазақстандағы елшісі Урс Шмид Арал мәселесіне

аландайтындығын және осы бағытта қол үшін созуға әрқашан дайын екендігі жеткізді. Ал БҰҰ Даму бағдарламасының өкілі Мунхтуя Алтангерел: «Арал тағдыры тек қазақстандықтарды емес, әлем халқын аландатады. Тартылған теңіздің табанын қалыпқа келтіру жұмыстарына барлығымыз да атсалысамыз. Құрметті Қырымбек Елеуұлы, осыған байланысты келісімдер сәтті жүзеге асады деп ойлай-мын», - деді. Симпозиум барысында өңірде қалыптасқан ахуалды шешу үшін жана жобалардың іске асатыны белгілі болды.

– Дүниежүзілік банк пен Халықаралық Аралды құтқару қоры және көптеген ұйым аталған түйткілдердің түйінін тарқатуға өз үлестерін қосуда. Бүгінгі таңда БҰҰ Даму бағдарламасы- аталған проблеманы шешуге ынталы. Біз қызылордалық эріптестерімізбен біріккен жобаны қолға алдық. Бүгін бөлінетін қаржы көлемі 3 млн долларды құрайды. Бұл Арал өңірінің элеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған. Осылайша ондағы тұрғындардың денсаулығы мен өмір сүру жағдайын жақсартуды көздеп отырмыз,- деді БҰҰ-ның резидент-координаторы, БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілі Норимас-а Шимомура.

Аралда қалыптасқан экологиялық жағдайға қарамастан, өңірде туристік саланы жетілдіру жөнінде де айтылды.

– Арал өңіріндегі жасыл белдеу жобасын одан әрі дамытып, плантациялар жасау қажет деп есептеймін. Сонымен бірге туристік элеуеті-н арттыру да маңызды. Себебі теңіз түбінен табылған тарихи ескерткіштер мен Камбаш- көлі шетелдіктерді қызықтыра алады, - деді «Барсақелмес» мемлекеттік табиғи қорығы» РММ-нің директоры Зәуреш Өлімбетова.

Шара сонында Арал өңіріне қатысты фотокөрме ұйымдастырылып, құмсуретпен теңіз тосқайындағы тұрғындардың жағдайы көрсетілді.

Қозы Көрпеш ЖАСАРАЛУҒЫ

Сөзбе-сөз

Болат Нүркожаев,

коғам белсендісі:

Саясаттын басында жүргендер сөз таластырып жатқанда, біз сияқты ауыл баласының араласуының реті жоқ шығар. Бірақ Сырым Абдрахманов пен Әміржан Косанов ағасының сөз таласынан кейін «Біреуге жеке басқа сендей сөкпай, өз жолымен іс бастауға болмай ма екен?» деген ой келеді. Қазір ол қай жерде де бір модаға айналған сияқты ма, қалай?

Ал «Алаш» партиясы аты бүкіл қазаққа ортақ, оны ешкім меншіктеуге болмайды» деген ойдың жаны бар емес пе?.. Бас-басына партия ашып, кейіннен танылғандары «Алаш» коалициясын құрса, сөз бір басқа.

Сағат Жүсіп,

саясаткер:

Саясаткерлеріміздің тарихымызда өз аттарын алтын әріппен қалдырған «Алашты» қастерлегенін құп санаймын. Бірақ кейбіреулер сол ардақты атауды өз партиясының атымен байланыстырсам – оны қадірлегенім, мақтаныш етіп «азық» етсем, қолдаушыларымды қобейтсем деп түсінетін сияқты. «Алаш» пен «Азаттын» атынан партия құрып, оның құр кеудесін сүйретіп, пародия етіп жүргендерге қынжыламын. «Алаштын», «Азаттын» қасиетті рухы жүрегінде болмаса, ондай атаудан не пайда? «Азаттын» атын жамылған партия қазір қайда?...

Facebook-тағы парақшаларынан алынды.